

триатлон бойынша Алматы қаласының чемпионатын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

«акватлон» қашықтығы:

5-6 жас: 50 м жүзу, 300 м жүгіру

7-9 жас: 100 м жүзу, 500 м жүгіру

10-12 жас: 200 м жүзу, 1 км жүгіру

«триатлон» қашықтығы: суперспринт (300 м жүзу, 8 км вело, 2 км жүгіру).

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- триатлонды дамыту және дәріптеу;
- өңірдегі спорттың олимпиадалық түрін дәріптеу;
- атлеттердің спорттық шеберлігін шыңдау;
- триатлон бойынша Алматы қ. құрамасын құру.

2. ЖҮРГІЗУ УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОРНЫ

Жарыс 2019 жылғы 30 наурызда өтеді. Басталуы 9:00-де.

Жарыстың өткізілетін орны: Алматы қ., «Алматы Арена» көпатқарымды мұз сарайы
Алғабас-1 ықшамауданы, 7-үй

3. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

Жарысты ұйымдастырушы «Almaty Triathlon Federation» ҚБ және «Смелость быть первым» КҚ, Алматы қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Алматы қаласының спорт құрылыстары дирекциясы, Дмитрий Гааг атындағы триатлон мектебі болады. Жарысты тікелей жүргізуді бас төрешілер алқасы жүзеге асырады.

4. ЖАС САНАТТАРЫ

Акватлон:

5 – 6 жас

7-9 жас

10-12 жас

Триатлон:

13-15 жас

15-17 жас

18-20 жас

21-23 жас

5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ

Жарыстарға қатысу үшін триатлонмен және ұқсас спорт түрлерімен айналысатын, 5 жастан 23 жасқа дейінгі тұлғалар жіберіледі. Қатысушының жасы 2019 жылғы 31 желтоқсанға берілген жағдай бойынша анықталады.

Жарысқа тіркеу <http://www.almaty-marathon.kz> сайтында жүзеге асырылады.

Сайтта тіркеуден өтпеген қатысушылар жарысқа жіберілмейді.

5 жастан 18 жасқа дейінгі қатысушыларды жарысқа жіберу үшін келесі құжаттардың көшірмелерін ұсынулары тиіс:

- Жеке басы куәлігінің/тууы туралы куәліктің көшірмесі;
- Өз қолымен қолхат берген ата-анасының екеуінің де жеке басы куәлігінің көшірмесі;
- Жарысқа қатысуға рұқсат беру туралы ата-анасының екеуінен де алынған қолхат.

18 жасқа толған және асқан қатысушылар үшін:

- Жеке басы куәлігінің көшірмесі;
- Өз денсаулығына жауапкершілік туралы қолхат ұсынылады.

6. БАСТАПҚЫ ПАКЕТ

Қатысушылар өздерінің бастапқы пакетін өздері, немесе жаттықтырушысы арқылы не заңды өкілі арқылы (кәмелетке толмағандар үшін) алуы мүмкін.

Қатысушы өз бастапқы пакетін тіркеуден өткен соң барлық қажетті құжаттарды ұсынған соң алады.

Бастапқы пакетті алу кезінде қатысушы (кәмелетке толмағандар үшін – заңды өкілі) өтінішке қол қоюға міндетті, соған сәйкес ол ұйымдастырушылардан жарыс кезінде өзі (қатысушы) алған, денсаулығына келтірілген мүмкін болатын залалды толық алады.

Қатысушылар брифингі «Алматы Арена» кешені, Үлкен аренаның конференц-залы мекенжайы бойынша 29 наурызда, сағат 18: 00-де өтеді.

Бастапқы пакеттерді беру тек жарыс брифингінде жүзеге асырылатын болады.

Триатлон бойынша бастапқы пакетке:

1. Кеудеге тағатын реттік нөмір
2. Велосипед пен шлемге жапсырылатын арнайы жапсырмалар
3. Жарыс бойынша ақпарат-парақша кіреді.

7. ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тіркеу лимиті: «авкатлон» қашықтығына қатысушылар үшін 100 адам, «триатлон» қашықтығына қатысушылар үшін 50 адам.

Қашықтықты өтуге жауапкершілік қатысушының өзіне жүктеледі. Басқа қатысушылар үшін қауіп төндіретін кез келген қатысушы бас төрешінің шешімімен жарыстан алынуы мүмкін.

Қатысушыларға қойылатын техникалық талаптар:

- Төменде берілген ережелерді бұзғаны үшін қатысушыны жалпы есепке алудан дисквалификациялау және жарысқа қатысу құқығынан айыру түріндегі ықпалшара қолданылады;
- Велокезеңде жарамсыз тежегіші бар техникалық тұрғыдан жарамсыз велосипедте қатысуға тыйым салынады;

- Жарыс кезінде дыбыс тыңдайтын құрылғыларды (құлаққап киіп, жарысқа қатысу) тыйым салынады;
- Қозғалыс кезінде қолсыз сөйлесуге мүмкіндік беретін, техникалық құрылғымен жабдықталмаған телефонды пайдалануға тыйым салынады;
- Қашықтықты өту кезінде және велосипедті жөндеген жағдайда бөгде біреудің көмегін пайдалануға тыйым салынады;
- Қашықтықты өту кезінде велосипедті ауыстыруға тыйым салынады (раманы қоспағанда, жекелеген бөліктер мен тораптарды ауыстыруға рұқсат етіледі);
- Қашықтықты өтуді жеңілдетуге қабілетті кез келген әдістер мен құралдарды (мотор-дөңгелек, электр велосипед және т.б.) пайдалануға тыйым салынады;
- Жарыстың бекітілген бағдарын өзгертуге тыйым салынады;
- Өзге көлік құралдарының жүруіне кедергі жасауға тыйым салынады;
- Бір-бірін жәбірлеуге, кемсітуге тыйым салынады;
- Веложарыс кезінде велокезең бағдары аймағында кез келген жөндеу жүргізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Велосипед зақымдалған жағдайда қатысушы колоннаның жолында тұруға, велокезең бағытына қарсы жүруге тыйым салынады, ол колоннаның жүру барысынан оң жақтағы тротураға бағдардан кетуге міндетті;
- бекітілген «аэрорөлі» («жатағы») бар велосипедтерді пайдалануға тыйым салынады; Жарыс кезінде қатысушыларға кез келген басқа біреудің көмек көрсетуіне тыйым салынады!
- Басқа біреудің көмегін пайдаланған қатысушы жарысқа қатысу құқығынан айырылады.

8. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

8:30 – 8:45 – жарысты ашу

9:00 – акватлон қатысушыларының старт алуы

10:00 – триатлон қатысушыларына арналған транзиттік аймақты ашу

10:30 – триатлон қатысушыларына арналған транзиттік аймақты жабу

10:30 – акватлон қашықтығына қатысушыларды марапаттау

11:15 – триатлон қатысушыларының старт алуы

13:00 – триатлон қатысушыларын марапаттау

9. ЖАРЫС БАҒДАРЫ

Ресми бағдарды ұстанбайтын немесе бағдарды басқалай бір әдіспен қысқартуға (бәсекелестік басымдылықты қамтамасыз ететін бағдар бойынша жүреді) әрекет еткен қатысушылар жарысқа қатысу құқығынан айырылатын болады.

Жарыстың әрбір қатысушысы өзін спорттық киім-кешекпен және әрбір кезеңге/қашықтыққа арналған құралдармен қамтамасыз етуі тиіс.

Жүзу кезеңі үшін: тақия, көзілдірік, жүзу костюмі, резеңке-шәркей, сүлгі. Жүзуге арналған таияның болуы міндетті түрде.

Велокезең үшін (триатлон қатысушылары үшін): велосипед, шлем, велоформа. Велосипед шлемінің болуы міндетті түрде.

Велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар:

Жарысқа қатысу үшін велосипедтің екі түрі (тас жол және МТБ) жіберіледі.

Велосипедтерде: Не разрешается размещать на велосипедах:

- Аэробар («жатақ»)
- Металл жүксалғыш
- Велосипед басқышын

орналастыруға рұқсат етілмейді

- Жүзу жарысының бағыты

Жарыс жабық қауізде өткізіледі.

Ауа райының жағдайына байланысты келесі кезеңдерді жалғастыру үшін жарысты жалғастыру уақытын бас төреші түзете алады.

Транзиттік аймақ:

Транзиттік аймақ жүзу мен велосипедте жүру үшін, сондай-ақ велосипедте жүру мен жүгіру үшін ортақ болып табылады.

Велосипедтерді транзиттік аймаққа жайғастыру ресми бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жарыс кезінде аймақта болатын қатысушыларды қоспағанда, белгілі бір уақыт аралығы өткен соң, қауіпсіздік мақсатында транзиттік аймаққа кіруге болмайды.

Барлық жарыстың соңғы қатысушысы веложүруден өткен соң ғана велосипедтерді транзиттік аймақтан әкетуге рұқсат етіледі.

Соңғы қатысушы жарысты аяқтаған соң велосипедтер транзиттік аймақтан бір сағат ішінде әкетілуі тиіс.

Жарысты аяқтаған қатысушы чипті жарыс өкіліне тапсырған соң өз велосипедін алуына болады.

Велокезеңнің бағыты (триатлон қатысушылары үшін):

Жүру бағытының айналымы шамамен 2 км құрады және 4 рет өтілуі тиіс.

Қатысушылар айналымдарды санауды өздері жүзеге асырады. Егер нәтижелерді құптау кезінде спортшы айналымдардың толық санын өтпесе, ол жарысқа қатысу құқығынан айырылады.

Қатысушыларға:

- а) трассада жарыстың басқа қатысушыларының жүруін бұғаттауға;
- б) денесін жалаңаштап, жүруге;
- в) велосипедсіз алған қарай жүруге тыйым салынады

Жүгіру кезеңінің бағыты:

Әрбір қатысушы жүгіру кезеңінің қашықтығын өз жас санатына және жарыс түріне қарай жүріп өтеді.

Қатысушылар айналымдарды санауды өздері жүзеге асырады. Егер нәтижелерді құптау кезінде спортшы айналымдардың толық санын өтпесе, ол жарысқа қатысу құқығынан айырылады.

Спортшылар жүруі немесе жүгіруі тиіс.

- еңбектеуге,
- денесін жалаңаштап жүгіруге,
- қашықтықтың кез келген бөлігінде аяқ киімсіз немесе жалаң аяқ жүгіруге,
- басына велосипед шлемін киіп, жүгіруге,
- бұрылыстарды өту кезінде көмек ретінде ағаштарды немесе басқа да стационарлық объектілерді пайдалануға тыйым салынады.

10. МАРАПАТТАУ

Келесі санаттарда медальдармен және дипломдармен марапатталады:

«Акватлон» қашықтығында өз жас санаттарында және гендерлік топтардағы 1-3 орындар

«Триатлон» қашықтығында өз жас санаттарында және гендерлік топтардағы 1-3 орындар

Ресми нәтижелер іс-шара аяқталған соң алғашқы үш күн ішінде www.almatytriathlon.org сайтында жарияланатын болады.

ЕҢСЕРЛІМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Ауа райының және өзге де форс-мажорлық жағдайларға байланысты ұйымдастырушылар қатысушыларды кейін хабарландырып, жарысты болдырмауға дейін, жарыс регламентін (басталу уақытын ауыстыру, велокезеңді кейінге қалдыру) жасайды.

11. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫС НӨМІРЛЕРІ

«Almaty Triathlon Federation» БҚ

Tel: +7 727 346 85 64

Email: info@almatytriathlon.org

www.almatytriathlon.org